



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкі телефон алаяқтарының әрекет ете бастағанын ескертеді

2022 жыл, 10 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі телефон алаяқтарының өздерін Ұлттық Банктің немесе «ҚР Банктері қауымдастығының» қызметкері ретінде таныстырып, әрекет ете бастағанын ескертеді. Шын мәнінде алаяқтар дербес деректерді алу, кредит рәсімдеуге көндіру және дербес деректерді жариялату арқылы банк шоттарынан ақша жымқыру мақсатын көздейді.

Осыған байланысты Қазақстан Ұлттық Банкі ақша жіберу, дербес деректерді беру, мобильдік қосымшаларды орнату секілді өтініштерден тұратын, әсіресе жалған кредиттерді рәсімдеуге қатысты қоңырауларды елемеуге кеңес береді. Көп жағдайда телефон арқылы айтылатын мұндай әңгімелер ұйымдасқан алаяқтық топтардың әрекеттерін көрсетеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе «ҚР Банктері қауымдастығының» атынан деп хабарласқан күдікті қоңырау немесе хат алған жағдайда әңгімені үзіп, құқық қорғау органдарына жүгінген жөн.

Ұлттық Банктің ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі мамандарының ұсынымы

1. Ешкімге ешқандай сылтаумен: банк картасының нөмірін, қолданылу мерзімін, артқы жағындағы үш таңбалы құпия кодты, банкингке кіру логиндері мен парольдерін, Банктің sms-кодтарын, өзі және жақындары туралы жеке ақпаратты бермеуге; ұялы қосымшаларды орнатпауға және телефонмен сөйлесу барысында алынған нұсқаулар бойынша қаражат аудармауға міндетті.

2. «Банк қызметкерінен» мессенджерге қоңырау келіп түскен кезде әңгімені аяқтап, қаржы ұйымының ресми call-center-не қайта қоңырау шалыңыз.

3. Егер олар сізге ақша аудару немесе аудару туралы ұсыныспен қоңырау шалса, ресми дереккөзден сұрау мақсатын тексеру керек, сондай-ақ мұндай төлем Сізге тиесілі екенін тексеру керек.

4. Белгісіз немесе күдікті сайттарда телефон нөмірін көрсетпеңіз және негізгі картамен төлем жасамаңыз.

Естеріңізге сала кетейік, Ұлттық Банк жеке тұлғаларға қызмет көрсетумен айналыспайды және ақшалай есеп айырысуларды немесе мәмілелерді жүргізбейді.

Кеңес алу үшін 1477 қысқа нөмірі бойынша Ұлттық Банктің Байланыс орталығына хабарласуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz